



«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ
Әдістеме-библиография бөлімі

Қаламы жүрдек журналист



жазушы-журналист, Қазақ КСР еңбек сіңірген
мәдениет қызметкері, этнограф
Сабыржан Шүкірұлының туғанына 85 жыл
(1939-2013)

Жаднама

**«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме-библиография бөлімі**

Қаламы жүрдек журналист

**жазушы-журналист, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері,
этнограф Сабыржан Шүкірұлының туғанына 85 жыл (1939-2013)**

Жаднама

Арқалық қаласы 2024 жыл

ӘОЖ 011

КБЖ 91

Т 60

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай

Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай

Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын

Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай

Редактор: Д. Е. Құсайын

Қаламы жүрдек журналист [Мәтін] жазушы-журналист, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, этнограф Сабыржан Шүкірұлының туғанына 85 жыл толуына арналған) : Жаднама /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 28 б. : сурет. – қазақ тілінде

Әдістеме – библиография бөлімі жазушы-журналист, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, этнограф Сабыржан Шүкірұлының туғанына 85 жыл толуына арнап жаднама дайындады. Жаднамаға Сабыржан Шүкірұлының өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

Қарымды қаламгер



Сабыржан Шүкірұлы 1939 жылы 12 тамызда Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Достияр мекенінде туған. 1969 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1972 жылы Алматы Жоғары партия мектебін тамамдаған. 1959–1961 жж. Оңтүстік Торғай кен зерттеу және барлау экспедициясында топографиялық отрядта аға құрылысшы, Жангелдин аудандық байланыс торабында телефон монтері, аудандық қамсыздандыру бөлімінде инспектор, 1961–1965 жж. аудандық «Социалистік ауыл», кейін «Жаңа өмір» – «Новая жизнь» газеттерінде әдеби қызметкер, аудармашы, бөлім меңгерушісі, 1965–1970 жж. Жангелдин аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Торғай облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет еткен. 1974–1988 жж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Торғай облысындағы меншікті тілшісі, аға тілші, бөлім меңгерушісі, алқа мүшесі, 1990 жылы «Социалистік Қазақстан» газеті Бас редакторының орынбасары, 1991 жылдан «Сұхбат» және «Партия» хабаршылары біріккен редакциясының Бас редакторы, 1992 жылдан «Сұхбат» экономикалық апталығының Бас редакторы, 1996 жылдан «Ана тілі» ұлт апталығында шолушы, бөлім редакторы, Бас редактордың орынбасары, 1998 жылдан «Ана тілі» ұлт газетінде Тіл және этнография бөлімінің редакторы, 1991–1992 жж. Қазақстан социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, басылымдардың Бас редакторы, «EURASIA» Республикалық газетінің Бас редакторы қызметін атқарған. 1966–1970 жж. Жангелдин аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық Кеңес депутаты, Қостанай облыстық Комсомол Комитетінің мүшесі болған. Қазақстан комсомолының XI және XII съездеріне делегат болып қатысқан. 1964 жылдан КСРО, қазір Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. 1968 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен, БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен, 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталған. 1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің жүлдесін, 1989 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» атағын алған. 1993 жылғы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. «Тамаша өмір» (1986), «Шақшақ Жәнібек» (1997) атты деректі әңгімелер, «Нақпа-нақ» (2000) ой түйіндері, «Рухани өріс кернеуі» (2001) әдеби сын-зерттеу және «О заманда бұ заман» атты публицистикалық кітаптары жарық көрген.

Сабыржан Шүкірұлының шығармалары:

1. Шүкірұлы, С. Бекзат болмыс [Мәтін] : [мақалалар, ғибрат сөздер, естеліктер, өлеңдер] / С. Шүкірұлы ; құраст.: Қ. Шынтеміров, Л. Шәріпқызы-Шүкіркеліні, Г. Сабыржанқызы ; алғы сөз жазған: Е. Тілешов. – Алматы: Palitra Press, 2014. – 308 б.
2. Шүкірұлы, С. Ежелгі мекен ел - жұрты [Мәтін] : этнографиялық эссе / С. Шүкірұлы ; алғы сөзін жазғ.: Е. Е. Тілешов. – Алматы: Сардар, 2010. – 224 б.
3. Шүкірұлы, С. Қолтаңба [Мәтін] / С. Шүкірұлы ; алғы сөзін жазғ.: А. Сейдімбек, Е. Тілешов. – Алматы: Сардар, 2009. – 200 б.
4. Шүкірұлы, С. Мемлекеттік тіл мұраттары [Мәтін] : көмекші құрал / С. Шүкірұлы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 352 б.
5. Шүкірұлы, С.Тілтану белестері [Мәтін] / С. Шүкірұлы. – Алматы: Сардар, 2009. – 248 б.
6. Шүкірұлы, С. Шақшақ Жәнібек [Мәтін] : тарихи деректі роман / С. Шүкірұлы. – Алма-Ата: Абзал Ай, 2014. – 256 б.
7. Шүкірұлы, С. Шақшақ Жәнібек [Мәтін] : тарихи деректі роман / С. Шүкірұлы. – Алматы: Абзал Ай, 2017. – 256 б.
8. Шақшақ Жәнібек батыр [Мәтін] / құраст.: С. Шүкірұлы, Қ. Салғарин, К. Ахметбекұлы. –Алматы: Отау, 1993. – 152 б.
9. Нақпа-нақ [Мәтін] : көпшілік оқырманға арналған / Шүкірұлы, Сабыржан ... – Алматы : [Б.ж.], 2000. – 149 б.
- 10.Таныс сөздің бейтаныс сырлары [Мәтін] / Шүкірұлы, Сабыржан ... – Алматы : Сөздік-Словарь, 2004. – 160 б.
- 11.Атамды менің сұрасаң... : этнографиялық эссе / Шүкірұлы, Сабыржан ... – Алматы : Нұр-Принт-75, 2011. – 462 б.
- 12.Рухани өріс кернеуі : зерттеулер, эссе, естеліктер / Шүкірұлы, Сабыржан ... – Алматы : [Б.ж.], 2001. – 230 б.

Мерзімді басылымдағы жарияланымдары:

13. Шүкірұлы, Сабыржан. Ақынға суреттеуге тіл жетпеген... [Мәтін] : [Сарықопа көлінің табиғаты туралы] / С. Шүкірұлы // Торғай таңы. – 1979. – 1 қыркүйек. – Б. 3.
14. Шүкірұлы, Сабыржан. Алаш аманаты [Мәтін] : [Алаш - Орданың 90 жылдығына байланысты] / С. Шүкірұлы // Әдебиет айдыны. – 2008. – 2 қазан. – Б. 3.
15. Шүкірұлы, Сабыржан. Арман асуында [Мәтін] : [жазушы Сабыржан Шүкірұлының естелегі] / С. Шүкірұлы // Біздің Торғай. – 2010. – 3,10,17 тамыз. – Б. 2–3.
16. Шүкірұлы, Сабыржан. Ахаң әліпбиі һәм қазіргі тіл дыбыстары [Мәтін] : [жазушы айтұрсыновтың "Әліпби" оқу құралы туралы] / С. Шүкірұлы // Әдебиет айдыны. – 2007. – 20 қыркүйек. – Б. 4–5.
17. Шүкірұлы, Сабыржан. Әріптеспен әңгіме [Мәтін] : [сықақ] / С. Шүкірұлы // Арқа хабары. - 1999. – 23 шілде. – Б. 2.
18. Шүкірұлы, Сабыржан. Бізде мұндай болған жоқ [Мәтін] : [Қазақ телевизиясының энциклопедиясы туралы] / С. Шүкірұлы // Ана тілі. – 2011. – 13-19 қаңтар. – Б. 2.
19. Шүкірұлы, Сабыржан. Барын халыққа берген жан [Мәтін] : [А. Байтұрсыновтың өмірі мен қызметі туралы] / С. Шүкірұлы // Ана тілі. – 2006. – 21 қыркүйек. – Б. 1.
20. Шүкірұлы, Сабыржан. Бел-белестер [Мәтін] : [повестен үзінді] / С. Шүкірұлы // Торғай таңы. – 1983. – 28 мамыр. – Б. 4.
21. Шүкірұлы, Сабыржан. Дала - дәулет, ауыл - құт [Мәтін] : [шаруа қожалығын ұйымдастырушылардың бірі Кәкімжан Кәрбозов туралы] / С. Шүкірұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 21 наурыз. – Б. 18.
22. Шүкірұлы, Сабыржан. Ермакты аттан түсіргендей, Павелді тақтан түсірейік [Мәтін] : [Павладар қаласының атын өзгерту туралы] / С. Шүкірұлы // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 23 желтоқсан. – Б. 7.
23. Шүкірұлы, Сабыржан. Міржақып Дулатов [Мәтін] : [алаш қозғалысының қайраткері Міржақып Дулатов туралы] / С. Шүкірұлы // Қазақстан-Zaman. – 2009. – 2 сәуір. – Б. 3.
24. Шүкірұлы, Сабыржан. Мадақ па, мазақ па? [Мәтін] : [жазушы Аманқос Мектептегінің мақалалары туралы] / С. Шүкірұлы // Жұлдыз. – 2008. – № 5. – Б. 125-145.
25. Шүкірұлы, Сабыржан. Ойыныңыздың қаттысын-ай [Мәтін] : [әңгіме] / С. Шүкірұлы // Торғай таңы. – 1988. – 16 сәуір. – Б. 4.



26. Шүкірұлы, Сабыржан. Өз ағаңның шәкірті [Мәтін] : [сазгер, мәдениет қайраткері Жұмағали Өмірбеков туралы] / С. Шүкірұлы // Ана тілі. – 2002. – 17 қаңтар. – Б. 5.
27. Шүкірұлы, Сабыржан. Өзағаң өзгеше адам еді [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков туралы] / С. Шүкірұлы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 13 қыркүйек. – Б. 5.
28. Шүкірұлы, Сабыржан. Сезім сырлары [Мәтін] : [жазушы Жақсылық Жүнісұлының Жылдар жаңғырығы атты кітабы туралы : суреті бар] / С. Шүкірұлы // Қостанай таңы. – 2012. – 28 желтоқсан. – Б. 9.
29. Шүкірұлы, Сабыржан. Сезім сырлары [Мәтін] : [жазушы-журналист Жақсылық Жүнісұлының кітабы жайында] / С. Шүкірұлы // Қостанай таңы. – 2012. – 28 желтоқсан. – Б. 9.
30. Шүкірұлы, Сабыржан. Тіл теңелмей, ұлт теңелмейді [Мәтін] : [Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде] / С. Шүкірұлы // Қазақстан-Zaman. – 2008. – № 53(желтоқсан). – Б. 7.
31. Шүкірұлы, Сабыржан. Тілдің бағы Бақ - та тұр [Мәтін] : [мемлекеттік тіл - қазақ тілінің мәртебесін көтеру туралы] / С. Шүкірұлы // Жұлдыз. – 2008. – № 7. – Б. 142–148.
32. Шүкірұлы, Сабыржан. Ұлттық жағалы киімдер [Мәтін] : [ұлттық киімдер жайлы әңгіме] / С. Шүкірұлы // Жыл он екі ай. – 2012. – №4. – Б. 15-16.
33. Шүкірұлы, Сабыржан. "Халық рухы" тек қазақтық партия емес [Мәтін] / С. Шүкірұлы // Ана тілі. – 2007. – 6 маусым. – Б. 6.
34. Шүкірұлы, Сабыржан. Шабыты шалқар шалқыған [Мәтін] : [ақын Жайсаңбек Молдағалиев туралы] / С. Шүкірұлы // Торғай таңы. – 1980. – 18 маусым.
35. Шүкірұлы, Сабыржан. Шақшақ Жәнібек [Мәтін] : [тарихи деректі роман] / С. Шүкірұлы // Жұлдыз. – 2013. – № 8. – Б. 3.
36. Шүкірұлы, Сабыржан. Шақшақ жәнібек батыр [Мәтін] : әфсана / С. Шүкірұлы // Жұлдыз. – 1994. – № 10-12. – Б. 135-156.
37. Шүкірұлы, С. Шақшақ Жәнібек [Мәтін] : тарихи деректі роман / С. Шүкірұлы // Жұлдыз. – 2013. – № 8. – Б. 30–67.
38. Шүкірұлы, С. Жорық [Мәтін] / С. Шүкірұлы // Ақиқат. – 2013. – № 9. – Б. 57–61.




**Ол туралы әдебиеттер мен мерзімді басылым беттерінде
жарияланған мақалалар:**

39. Жақып, Ә. Ұлы дала: Торғай тарландары [Мәтін] : ғұмырбаяндық энциклопедия. 2-том / Ә. Жақып ; ред.: Ә. Анаров ; алғы сөз жазғ.: С. Ысқақов. – Астана: Парыз, 2016. – 180 б
40. Абдуллин, Әмірхан. Елге қажет шежіре [Мәтін] : [журналист Сабыржан Шүкірұлының "Ежелгі мекен ел-жұрты" атты кітабы туралы] / Ә. Абдуллин // Қостанай таңы. – 2010. – 28 шілде. – Б. 3.
41. Акбар қажы [Мәтін] : [журналист, шежіреші Сабыржан Шүкірұлының "Ежелгі мекен ел-жұрты" шежіре кітабы туралы] // Торғай. – 2010. – 16 шілде. – Б. 4.
42. Алматы, Оркент. Торғайда, туған төрт "Ноян" [Мәтін] : [Торғай өңірінің тұлғалары] / О. Алматы // Біздің Торғай. – 2018. – 17 сәуір. – Б. 3.
43. Аманжол, Қорғанбек. Әрі ес, әрі сес [Мәтін] : Қазақ баспасөзінің қара нары Сабыржан Шүкірұлы хақында толғам / Қ. Аманжол // Егемен Қазақстан. – 2014. – 13 наурыз. – Б. 7.
44. Қаламгер - Сабыржан Шүкірұлы 60 жаста [Мәтін] // Арқа хабары. – 1999. – 23 шілде. – Б. 2.
45. Қаламгерге ескерткіш тақта ашылды [Мәтін] : [журналист Сабыржан Шүкірұлына] / "АХ" // Арқалық хабары. – 2018. – 24 тамыз. – Б. 3.
46. Қарабала, Ертай. Сабырлы жан [Мәтін] : немесе Ана тілінің жанашыры болған қарымды қаламгер Сабыржан Шүкірұлы туралы сөз / Е. Қарабала // Amankeldi araiy. – 2019. – 16 тамыз. – Б. 4.
47. Мұсабаев, Хамитбек. Шүкірұлының шынайы шығармалары [Мәтін] : [журналист Сабыржан Шүкірұлының шығармашылығы туралы] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2011. – 19 қаңтар. – Б. 8.
48. Оспанұлы, Серікбай. Танымдық, тағылымдық еңбек [Мәтін] : [жазушы Сабыржан Шүкірұлының Атамды менің сурасан атты кітабы туралы : суреті бар] / С. Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2012. – 25 сәуір. – Б. 6.
49. Әмірбаян деректерінен [Мәтін] : [жазушы Сабыржан Шүкірұлы туралы] // Торғай. – 1999. – 9 желтоқсан. – Б. 3.
50. Сабыржан Шүкірұлы [Мәтін] : [некролог] : [жазушы, журналист : суреті бар] / Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы // Қазақ әдебиеті. - 2013. – 30 тамыз – 5 қыркүйек. – Б. 11.
51. Сабыржанның көзі тиді [Мәтін] : [этнограф, жазушы С. Кенжеахметұлының қалжыны] / № 5 жатақхананың коменданты - Ермахан Шайхыұлы // Айқын. – 2014. – 3 сәуір. – Б. 31.




52. Сахыбекқызы, Райхан. "Сабыржан көкем" деуші едім... [Мәтін] : [жазушы Сабыржан Шүкірұлы туралы естелік : суреті бар] / Р. Сахыбекқызы // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 20-26 қыркүйек. – Б. 11.
53. Төлеуханқызы, Анар. Сар дала сағынар әлі Сабыржанын [Мәтін] : [жазушы С. Шүкірұлы] / А. Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2018. – 8 тамыз. – Б. 8.
54. Шайман, Серік. Ұстазды аңсау [Мәтін] : Эссе : [қаламгер Сабыржан Шүкірұлына арналған] / С. Шайман // Қостанай таңы. – 2024. – 30 қаңтар. – Б. 6.
55. "Шүкірді білемін" [Мәтін] : [этнограф, жазушы С. Кенжеахметұлының қалжыны] / № 5 жатақхананың коменданты - Ермахан Шайхыұлы // Айқын. – 2014. – 27 ақпан. – Б. 31.
56. Шүкірұлы, Сабыржан. Бізде мұндай болған жоқ [Мәтін] : [Қазақ телевизиясының энциклопедиясы туралы] / С. Шүкірұлы // Ана тілі. - 2011. – 13-19 қаңтар. – Б. 2.

Сабыржан Шүкірұлының кітаптары





Ол туралы кітаптар:



Туған жердің мақтанышы



Бірауық өмір белестеріне ойша көз жүгірткенде еңбек жолымның сәтті басталғанын аңғардым. Өйткені, заманында мәртебесі биік саналған мекеме – Жанкелдин аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы болыппын. Кәдімгідей ауылдық Кеңес хатшыларының есебін қабылдаппын. Арасында азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің меңгерушісі Қалбике апай Әбішева үш-төрт ай емделгенде неке, туу туралы куәліктерін толтыру еншіме тиіпті. Яғни, 1961-62 жылдары туған балалардың, жас отау иелерінің өлгінде құжаттарында менің де қолтаңбам бар.

Жергілікті басылымда мақалаларымның жиі жарияланатынынан, ҚазГУ – дің журналистика факультетінде оқытылымнан хабарлар Сабыржан аға Шүкірұлы мән-жайды аудандық «Жаңа өмір» /қазіргі «Біздің Торғай»/ газетінің редакторы Сапабек Әсіповке тәптіштеп түсіндіріп, көп ұзамай аталған шығармашылық ортаның тұрақты қызметкеріне айналдым. Ұжым шағын болғанымен мұнда Бекболат Әдетов, Жолбарыс Базытов, Әмірхан Абдуллин, Тәшім Құсайынов, Амантай Қылышбаев сынды тіс қаққан журналистер жұмыс істейді екен. Ә дегеннен олар мені бауырына тартты. Әсіресе, Сәкеңнің – Сабыржан аға Шүкірұлының өзіндік жазу мәнері ұнады. Мәселен, алғашқы комсомолдық үйлену тойын сипаттаған репортажды, аудандық әскери комиссариаттағы былықтар батыл сыналған мақаласы, өгіз-арбамен ертелі-кеш су таситын Жақып шал / Көнекөздердің баяндауынша, ертеректе Ақтөбе облыстық газетін басқарғанда саяси қатерге ұрынып, жазасын өтеген / жайлы новелласы қалың оқырманның көңіліне жақты.

Сонымен бірге, Сәкең жазуға бейім жастарды редакцияға орналастыруға бел шеше кірісті. Атап айтқанда, Кеңшілік Мырзабековтың очерктерін, Серік Тұрғынбековтың өлеңдерін, Серік Шаймановтың әңгімелерін бастырып, елге кеңінен танылуына күш жұмсады.

Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған тұста жас әдебиетшілермен кездесу кешін ұйымдастырып, талабы таудай үміткердің жігерін жаныды.

Ал, Алматы жоғары партия мектебін бітірген соң республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Торғай облысындағы меншікті тілшілігін атқарғанда уақыт тауып, «Торғай таңы» газетінің жанындағы шеберлік мектебінде қазақ тілінің төңірегінде салықалы ой толғағаны әлі күнге дейін есімізде.

Қызмет бабымен Оңтүстік астанамызға қоныс аударғанда да ежелгі ата – мекенімен, кәнігі достарымен байланысын үзбеді. Айғағы: «Жылдар жаңғырығы» кітабыма жана-шырлық тұрғыда келістіріп алғысөз жазды.

1990 жылы Торғай облысы қайыра ашылғанда облыс әкімінің орынбасарлығына бекіген Ырысты Сариеваға «Қаламы жүйрік журналист. Ізденімпаз жігіт. Осындай ерекшелігін ескеріп, облыстық «Торғай таңы» газетінің басшылық құрамына еңгізерсің. Кейін редактордың орынбасарына жылжытарсың» деп сырттай менің қамымды ойлағанын қалай ұмытармын!

Баяғыда ҚазГУ – дің журналистика факультетін тәмамдарда дипломыма жетекшілік жасаған әрі оны ұздік бағаға қорғатқан көрнекті ғалым Темірбек Қожакеевке «Сыр сандық» атты тұңғыш туындымды табыстап, пір тұтатын ұстазымды қуантқанына неге шаттанбасқа!

Көркеметі – Сәкең шұрайлы шығармаларды дүниеге әкелген: «Тамаша өмір», «Шақшақ Жәнібек», «Нақпа-нақ», «Рухани өріс кернеуі», «О заман да бұ заман», «Қолтаңба», «Таңыс сөздің бейтаныс сырлары» кітаптары біраз уйдің сөрелерінен орын тепкен.

Көркем сөздің зергерлері, Қазақстанның Халық жазушылары Әзілхан Нұршайықов пен Мұзафар Әлімбаев ұлттық тілдің қадір-қасиетін нақты деректермен айшықтаған, басқа да қордаланған өзекті мәселелерді барыпша қамтыған қажымас қаламгер Сәкеңнің еңбектеріне жылы лебізін білдіруі көсегесінің көгергені емес пе?

Сәкеңнің игі істері тиісінше бағаланды да. Ол – Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағының иегері. «Сұхбат» аталық газетінің Бас редакторы, республикалық «Егемен Қазақстан» газеті Бас редакторының орынбасары ретінде әріптестерінің ілтипатына бөленген.

Сағыныш бойымды билеп, үйреншікті әдетіммен Сәкең телефон шалғанмын. Селқос. Бұрынғыдай әзіл-қалжыңы жоқ.

Ауырып қалдыңыз ба? – деймін сыйластығымыз жарасқан ағаны жаманатқа қимай.

Біраздан бері Алматының ауруханасындамын. Төтеннен киліккен ауру мазамды қашырып тұр, – деді құлаққа әзер естілген қоңыр дауысымен.

Суық хабар желдей ескенде ғана ағамыздың тірлігінің соңғы сәттері такағанда тілде-скенімді сездім.

Бұл күндері Арқалық қаласындағы үйінің жанынан өтерде сәл кідіріп, ескерткіш тақтасының бетіндегі асыл бейнесіне жауаңдап қарап, рухына тағызым етемін де, күдіреті күшті Алладан ендігі жерде Сабыржан аға Шүкірұлының жаны жаннатта, топырағы торқа болуын тілеймін жалбарынып.

Жақсылық ЖҮНІСҰЛЫ

ЗДЕ МҮНДАЙ БОЛҒАН ЖОҚ

Қазақ телевизиясының энциклопедиясы шықты



Құдайберген Тұрсынның филология ғылымдарының кандидаты, одан осы саланың докторы, профессор болғаны таныс-білістерін онша таңғалдыра қоймаған болар деімін. Өйткені әріптес інінің бұл жетістіктері өзімізді таңырқатқан жоқ. Таңырқатпағаны – оның бұл ғылыми атаққа әбден лайықтылығы. Үнемі ізденіс үстінде жүретін білімдар азамат өзі «отымен кіріп, күлімен шыққан», ыстығына күйіп, аязына қатып, білуге тиісті қыр-сырларын тікелей жұмысында болып та, ғылым-ілімін зерттеп те, өзі де оқып, шакірт те тәрбиелеп, қоң жимай, ой жиып жүріп жеткендігіне оны білетін ортаның бәрі тәнті.

тамалық та, оқулық та. Телерадио қызметкерлерінің әмбебап кеңесші-көмекшісі дейтін-ақ еңбек.

Қазақ тележурналистерінің қазіргі буынына не жетпейді? Тіл байлығы; тақырыпты игеру, яғни кәсіби шеберлік, ізденіс; білім мен білік; зерделеу, яғни аналитикалық талдау жетіспейді. Қазақтілді журналистер көбіне орыстілділердің қалыбынан шыға алмай, қасан аудармаға малтығып жатады. Ұлттық тілдің еркіндігі жоқ. Осы жоқтар жиналып келіп, қазақтілді тележурналистерді басқа тілділерден төмендетеді. Әлбетте, журналист әлсіз болған соң, ол жүргізген хабар да өз өресінде болмайтындығы тағы мәлім.

Әуелде, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, сол шақтағы жағдайға байланысты үстем тұрған орыстілділер жалпы қазақ журналистеріне кәсіби деңгейі төмен деген жапа жазды. Мұны бастаған газетшілер болатын. Қазір баспасөз саласының, яғни газет-журнал жағындағы қазақ журналистері орыстілділерден басым. Бұл кәсіби тұрғыда да, азаматтық тұрғыда да һәм білім-білік жағынан да солай. Түбі қазақтілді тележурналистер де осы өреге көтерілері сөзсіз. Бұл – табиғи тұрғыдағы заңдылық. Қай салада болсын, түбінде ұлт тілі, ұлт зейіні өз биігіне жетеді.

Халықаралық телевизия және радио академиясының толық мүшесі, телевизия саласының шынайы маманы һәм білгірі, ұстаз Құдайберген Тұрсынның мұрат тұтқаны да, бұл энциклопедияны қолға алудағы мақсаты да осы болса керек. Яғни еліміздің ұлттық электронды ақпарат құралдарының ықпалдылығын, тиімділігін, пайдалылығын арттырып, жаңа сатыға көтеру. Бұған ғалымның энциклопедия оқырмандарына арнауында айтқан «Отандық телеэкранымыз алға шығуы білгі мен алар асу-

ларына үлесімді қоссақ, бұл біздің ел, ұрпақ, қоғам алдындағы азаматтық міндетіміздің өтеуіндей болмақ. Сондықтан да халықтың, елдің руханият әлеміндегі қосбасшылық флааманына айналған Қазақ теледидарының мәртебесінің биіктігі әрбірміз үшін қуаныш әрі бақыт», – деген сөзі де дәлел. Кәсіби маман-ғалымның бұл белсене кіріскен бейнетті ісі азаматтық үлкен мақсат көздегендік болып табылады.

Телекөрермен тек жүрпзшу журналисті ғана біледі, ал сол тақырыпты көпшілікке жеткізуде қаншама телеқызметкерлер көрінбей жұмыс істейді. Сол хабардың сәтті-сәтсіздігі бір адамнан емес, үлкен бір ұжымдық топтың бірлескен еңбектерінен тұрмақ. Әлбетте, бұл қимыл үйлесімді, үндесімді, ізденісті болса ғана табысты, нәтижелі болмақ. Телеэциклопедияның егжей-тегжейлі түрде зердеге жүйелеп жеткізбегі де – осы.

Энциклопедияда тіл тақырыбы жақсы қамтылған. Тележурналистердің сөз қолданыстарына, түрлі ерекшеліктеріне, республиканың жетекші телеарналары журналистерінің тәжірибелеріне жүгіне отырып, жеке-жеке тақырыптар бойынша деректі мысалдармен сөз қолданыс ерекшеліктері түсіндірілген. Әдеби тіл тақырыбында белгілі ұстаз, филолог-ғалым Зейнолла Қабдоловтың түйіндеулерімен «Әдеби нормадан ауытқу», «Әдеби тіл», «Әдеби сценарий», «Әдеби тіл нормасының ерекше белгілері», «Әдеби тіл нормасы», «Әдеби тілдің негізгі белгілері», «Әдеби тілді айшықтау», «Әдеби тілді құбылту» мәндері ашылған. Ғалым Зәки Ахметовтің де пікірлері орайлы орын тапқан.

Телеэциклопедияда шетелдік құрылымдар, тележанрлар, телевизия саласының ұйымдастырушылары мен танымал журналистері, білікті

мамандардың түйінді ойлары және әрісі әлем, берісі қазаққа белгілі кемел кісілердің пікірлері қажетті тақырыптарға қарай орайлы берілген.

Телеэциклопедия энциклопедияша шыққан, А,Ә,Б,В,Г әріптерінен басталатын телевизияға қатысты, қамтылуы қажет тақырыптар барынша ескерілгендей. Егде тартқан мамандар үшін бірқатар жайлардың басы артық сөз болып көрінуі де мүмкін. Алайда жас мамандарға, сала мамандарының болашақ буындарына соның бәрі керек болар деректер ғой деймін. Тіпті ұлттық телевизия тарихы үшін де қажет мағлұмат болуы мүмкін. Осы тұрғыда бұрын бұлай қамтылып сөз болып көрмеген телевизия саласының ұлттық тұрғыдағы алғашқы қарымның молдау болғаны да бөтен емес. Сұрыптау, іріктеу, толықтыру дегендей кемелдендіру кейін бола жататын іс қой.

Энциклопедияның алдағы томдарында бір ескеретін жайт, есімдерге қатысты ұлттық мағына өзгертілмей жазылғаны жөн болар еді. Мысалы, Бұқаева Дина, бұл қазақша Боқаева болуға тиісті ғой. Букетов Евгений – Бөкетов Ебіней (Евней де емес) ғой. «Букетов Е. публицистикасы» дегенде не қазақша қалды? «Бөкетов көсемсөзі» десек ше? Сондай-ақ «Бұлварлық баспасөз» дегенді «Сары басылым» деп атап барып (мен өзім оларды «Саржалақ басылымдар» деймін), «Бұлварлық баспасөз» деген мәтін ішінде айтылса жөн бе деймін. Ұлттық энциклопедия болған соң, осы сала атауларының да мүмкіндігінше ұлттық сипатта бола түсуін, соны қалыптастыруды да қоса ойласқан абзаз ғой. Өзіміз айтпасақ, өзіміз атамасақ, ат қоймасақ, кім айтады?

Мен тарыншылық етпейін, жүр-

налистік қызметтің үлкен-кішісі жоқ дейміз ғой (ақшасында демеу), көбіне оның шәнінен шенсунігінен гөрі қатардағы тілшісі үлкен істер тындырып жататыны да мәлім, дегенмен бірінші томға қосылған есімдердің кейбіріне «бұл энциклопедияға кіретіндей не тындырып еді» дегендей сөздің айтылып қалар тұстары да бар-ау деймін. Алдағы томдарда бұл орайда да энциклопедиялық белгілі талап пен талғам есте болса, еңбек сапасын арттыра түсер еді. Кейбір фотосуреттер сапасы да онша емес. Бұл, әлбетте, мүмкіндіктің шектеулілігінен де болар.

Энциклопедия – ғұмырлы басылымдардың бірі. Оның өміршеңдігі ғасырларға жалғасады. Ол – ғылыми айналым көзі болсап саналады. Деректануда, әлдебір пікірталасында көбіне төрелікке энциклопедияға жүгінесің. Оның осындай ерекшеліктері басты бағдар, негізгі ұстаным болуы парыз.

Маманның ісін маман таныды, шебердің сыншысы – шебер. Осы саланың жұрт таныған білгірі, заманында «КСРО телевизиясы мен радиосының үздігі» атанған, Халықаралық телевизия және радио академиясының академигі, қайраткер қаламгер Сұлтан Оразалин еңбекке алғысөз жазып, ақ тілегін білдірген екен. Сонда: – «Әлемтанушылардың зерттеуі бойынша, қазіргі адам теледидарсыз өмір сүре алмайтын халте жетті. Олай болса, бұл феноменді тану, зерттеу, мемлекеттік идеологияда ұтымды пайдалану – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі...

Бұл кітап – телевизияны жан-жақты қамтыған, ең алғашқы күрделі туынды. Бұндай ауқымды еңбектер арнайы құрылған, қару-жарағы сай, қаражаты мол, сан түрлі мамандардың бірлескен күшімен іске асатыны белгілі. Өкініштісі, осы істің басында жүрген Құдайберген Тұрсынның қасында бірен-саран жанкүйерлер болмаса, бір өзі сол топтың міндетін жалғыз атқарып жүр. Әрине, бұл – көзсіз ерлік, жанқиярлық еңбек. Сондықтан кітаптағы кейбір кемшілікке түсіністікпен қарап, оның жетпегенін жетілдіру үшін әр оқырман өз үлесін қосса, алдағы іске көп септігін тигізер еді», – деген екен.

Сөз-ақ. Дұрыс баға. Жөн пікір. Бұл телеэциклопедия – қоғам болып, қазақ жұрты болып қолдайтын еңбек, әсіресе, қолда мүмкіндігі бар зиялы азаматтардың кісілік танытар бір ісі. Жолы болсын, бастамаға іске сәт делік.

Сабыржан ШҮКРҰЛЫ,
Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген Мәдениет қызметкері,

ЖАТТЫҚ ЖҰРНАЛ



«Егемен Қазақстан». - 2014. - 13 наурыз. - Б. 5.



«Арқалық хабары». - 2019. - 2 тамыз. - Б. 4.



«Айқын». - 2014. - 3 сәуір. - Б. 4.

Сабыржан ШҮКІРҰЛЫ

Қазақ әдебиеті мен рухания-ты тағы бір ауыр қазаға ұшы-рады. 75 жасқа қараған шағында қарымды қаламгер, ұлтымыздың ұлағатты азаматы Сабыржан Шүкірұлы дүниеден озды.

Тумысынан табиғаты таза шығармашылық өкілі 1939 жы-лы 12 тамызда Қостанай об-лысы, Әуликөл ауданы, Дос-тияр мекенінде дүниеге келген. 1959-1961 жылдары Оң-түстік Торғай кен зерттеу және барлау экспедициясындағы то--пографиялық отрядта құры-лысшы, Жангелдин аудан-дық байланыс торабында телефон монтері, аудандық қам-сыз-дандыру бөлімінде инспектор, 1961-1965 жылдары аудандық «Социалистік ауыл», кейін «Жа-ңа өмір» – «Новая жизнь» газет-терінде әдеби қызметкер, аудармашы, бөлім меңгерушісі, 1965 жылы Жангелдин аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды.

Қазақ әдебиеті мен рухания-ты тағы бір ауыр қазаға ұшы-рады. 75 жасқа қараған шағында қарымды қаламгер, ұлтымыздың ұлағатты азаматы Сабыржан Шүкірұлы дүниеден озды.

Тумысынан табиғаты таза шығармашылық өкілі 1939 жы-лы 12 тамызда Қостанай об-лысы, Әуликөл ауданы, Дос-тияр мекенінде дүниеге келген. 1959-1961 жылдары Оң-түстік Торғай кен зерттеу және барлау экспедициясындағы то--пографиялық отрядта құры-лысшы, Жангелдин аудан-дық байланыс торабында телефон монтері, аудандық қам-сыз-дандыру бөлімінде инспектор, 1961-1965 жылдары аудандық «Социалистік ауыл», кейін «Жа-ңа өмір» – «Новая жизнь» газет-терінде әдеби қызметкер, аудармашы, бөлім меңгерушісі, 1965 жылы Жангелдин аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды.

1969 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1972 жылы Алматы Жоғары партия мектебін тәмамдаған соң Торғай облыстық партия ко--митетінде нұсқаушы болып қызмет етті. 1974-1988 жылдары «Социалистік Қазақстан» (қа--зір-гі «Егемен Қазақстан») га-зетінің Торғай облысындағы меншікті тілшісі, аға тілші, бөлім меңгерушісі, алқа мүшесі, 1990 жылы «Социалистік Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары, 1992-1998 жылдары «Сұхбат» экономикалық ап-та-лығының бас редакторы, «Ана тілі» ұлт апталығы бас ре-дак-торының орынбаса-ры жұ-мыс-тарын жемісті атқар-ды.

Сабыржан Шүкірұлы – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі. Табанды еңбегі мен қарымды шығармашылық қызметі үшін 1968 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен, 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталып, 1989 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» атағын алған. Ол – 1993 жылғы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Шығармашылық иесінің қаламынан туған «Тамаша өмір», «Шақшақ Жәнібек» атты деректі әңгімелері, «Нақпа-нақ» атты ой түйіндері, «Рухани өріс кер-неуі» әдеби сын-зерт-теуі мен «О заманда бұ заман» атты публицистикалық кітаптары оқырман қауымнан жоғары баға-сын алған. Ұлт-жанды қаламгердің ой түйіндері мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарық көріп, ұрпақтың дамуына, ұлағатты азаматтардың қалыптасып, отан-сүйгіштік қасиеттердің өрістеуіне игі әсер етті. Өмірде сыпайы да мәдениетті қалпынан айнымаған, бекзат болмысты, адамгершілігі мол, көркем мінезді, еңбекқор, аяулы әріптесіміздің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде ұзақ сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы.

Қайран, Сәкем, бақұл бол!

«А, Құдай, қазаға сабыр бере көр!» деп, соңғы екі айдың жүзінде жалбарынуда болғанымызбен, беті қатты науқастан жүрегі құрғыр қанша секем алып, үміт пен үрейдің қайшыласуында жүргенімізбен: «Сабыржан қайтыс болды», деген суық сөз оқыс естіліп, төбемнен жай түсіргендей болды. Енді-енді ес біліп, азамат атанған шақтан бері өмірдің жол-соқпақтарында қол ұстасып бірге жүрген, жалындаған жастықтың көп қызықтарын бірге көріп, жасамыс тартқан шақта ойымыз да, сойымыз да жарасқан жан досымнан қапияда айырылып қалармын деген ой қаперімде жоқ еді ғой. Сонау қарт Торғайдың қасиетті топырағында, алақандай ғана аудандық газеттің шаңырағы астында жалғасқан көңіліміз бен жарасқан өміріміз қандай қызық еді. Одан бері де, қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Социалистік Қазақстанның» құт-берекелі қабырғасында шыңдалған шығармашылық достығымыз да дүйім елдің назарында болды. Енді соның бәрі естелік болып, өткен күннің еншісінде қала беретіні қандай қиын. «Шіркін, Сабыржанның әзілі-ай!..» деп небір ұтқыр сөздерін, тапты.

Ол туралы лебіздер...

«... Сабыржан ағаға деген ішкі құрметімнің өзінше бөлектігі, ілтипатымның еректігі өзіме аян, ол кісіге де белгілі еді. Әрқашан ар сөзін ғана айтып, ақиқат ережесінен әсте аттамай, әркез адамдықты сақтап, ақ жүріп, адалымен өткен, сирек ағаларымның бірі емес, бірегейі десемде жаңылмаспын. Нар бойын баяу маздаған намыскернеп, салауат сабыр тербеп жүретіндей көрінетін. Кім – кімді де көңілінің төріне шығарар кең пейіл дархандығы болса да, төбесіне секіртер бейқамдығы жоқ – тын. Ерлікке сүйсінетін, ездіктен жиренетін. Жан жадыратар қазақы қалжыңға мырза, ауызекі сөзге ұста, тұғырда тұрғандай тұрпатты, жан сарайы сырлы сұңғатты қайран Сәкем, есіл ер – ай, Есілдің жағасына барып, өмірден есіле көшіп жүре бердіңіз – ау... ».

Қорғанбек Аманжол
журналист

...Сабыржан комсомол, партия органдарында басшы жұмыстар істеді. Егемен Қазақстан газетінің басшыларының бірі болды. Елімізге танымал тіл жанашыры, туған тілдің тазалығы, мәртебесі үшін күрескен нағыз жауынгердің өзі еді.

... Ел тарихы, шежіре – Сабыржанның бүйірінде үнемі болатын. Бұл салада да атқарған ісі көл – көсір. Басқасын былай қойғанда бабасы «Шақшақ Жәнібек» жөніндегі айтулы еңбегінің өзі бір шың емес пе?

...Сабыржанды сыйлаған, бағасын білген, талантын таныған қазақ зиялыларының көшін тізсең біразға барады. Әбдуали Қайдаров, Әзілхан Нұршайықов т.б. болып кете береді. Досым үшін бұдан артық марқаю бола ма?»

Орекен Алмат,
Жангелдин ауданының құрметті азаматы

«...Сабыржан Шүкірұлының шығармашылығы – халқының да, қаламдастарының да үнемі жіті назарында. Мұның себебі – оның қаламынан шыққан әрбір туындының қорғасын құйған сақадай салмақты да, көркем әрі шыншыл болуында. Қаламгердің қалыптасқан өзіндік ерекше қолтаңбасы – мейлі шағын, мейлі көлемді шығармаларында болсын бірден аңғарылады».

Хамитбек Мұсабаев
Журналист

«...Өз елінде өгейдің күйін кешкен Қазақ тілінің жоқтаушысына айналды. Сабыржан көкемнің қаламынан шыққан кітаптар көпшілік оқырман қауымының көзайымына айналып, өз кезегінде бағасын да алып үлгерді. Оның ой – толғамдары ұрпақтың дамуына, ұлағатты азаматтардың қалыптасып, отансүйгіштік қасиеттердің өрістеуіне игі әсер еткен анық. Өзін тарихи тұлғалардың заңды жалғасымын деп санаған Сабыржан көкем «қырдың ғажап болмысын жан жүрегіне ұялататын» қазақы қалпымен өткенімізге де, бүгінгімізге де, келешегімізге де қаламының қарымымен адал қызмет етті».

ИМАХАНБЕТ Райхан Сахыбекқызы,
Ахмет Байтұрсынұлы мұражай – үйінің директоры

Сабыржан Шүкірұлының фото-суреттері



*Мәртебелі кездесуден шыққан сәт.
Алматы, 1994 жыл.*



*Қыздар педагогикалық институтында
өткен Ә.Нұршайықовтың «Мәңгілік
махаббат жыршысы» кітабының тұсаукесері.
Алматы, 2005 жыл.*



*Махаббат жыршысы Әз-ағаңнан тәбәрік
шапан жамылған едім.
Алматы, 2005 жыл.*



*Оспан батырға арналған
«Азаттықтың өшпес рухы» кітабының
тұсауына қосылу. Астана, мамыр айы, 2009
жыл.*



*Қызы Гүлнар, мен, жұбайым Любовь
Шәріпқызы.
Алатау, Табаған, тамыз айы,
2008 жыл.*



*Отбасылық бір сәт.
2006 жыл.*



«Егеменді Қазақстан» газеті қызметкерлерінің бір тобы: оң жақта Бас редактор Ш. Мұртаза, Бас редактордың орынбасары С. Шүкірұлы, бөлім меңгерушісі А.Нысаналин, жауапты хатшы М. Ілес. 1991 жыл.





Мазмұны

1 Қарымды қаламгер.....	5
2 Сабыржан Шүкірұлының шығармалары.....	6
3 Мерзімді басылымдардағы жариялымдары.....	7-8
4 Ол туралы әдебиеттер мен мерзімді басылым беттеріне жарияланған мақалалар.....	9-10
5 Сабыржан Шүкірұлы кітаптары.....	11-12
6 Ол туралы әдебиеттер.....	13
7 Мерзімді басылым беттеріндегі жарияланған мақалалар.....	14-16
8 Сабыржан Шүкірұлы.....	17-18
9 Ол туралы лебіздер.....	19
10 Сабыржан Шүкірұлының фото-суреттері.....	20-24

Құрастырушы: Көшкінбай С. М.
Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.
Редактор: Құсайын Д. Е.
Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.
Басуға қол қойылды 12.11.2024
Таралым 5
Басылым: ксерокс

Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Родина ауылы
Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18
Е – mail:cbs10@mail.ru

